

## Қазақстан Республикасының электр байланысы желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 20 желтоқсан N 1937. ЕСКЕРТУ.  
Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.05.22. N 774 қаулысымен. ~P000774

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Z980233\_ , "Жедел іздестіру қызметі туралы" Z944000\_ , "Байланыс туралы" Z990382\_ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710\_ заң күші бар Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың электр байланысы желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуі үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәсіпкерлік қызметті лицензиялаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 P961443\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 48, 469-кұжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялаудың және радиожилік спектрін пайдаланудың тәртібі туралы ережеде:

17-тармақтағы "Лицензияның міндетті шарттарына": деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"коммутациялық жабдықтардың құрамында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйесінің болуы".

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі үш ай мерзімде почта байланысы мен телекоммуникациялар саласында қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға бұрын берілген лицензияларды осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасының электр байланысы желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйелерін енгізу мен пайдалану кезіндегі өзара іс-қимылының тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

4. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар:
- 1) жоғарыда көрсетілген Нұсқаулық талаптарының қатаң орындалуын қамтамасыз етсін;
  - 2) коммутациялық жабдықтардың құрамына арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйелерін енгізуді жүзеге асырсын.
5. Мемлекеттік органдар бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.
6. Осы қаулының пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (келісім бойынша) жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы  
N 1937 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының электр байланысы  
желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын  
жүргізудің техникалық құралдары жүйелерін енгізу мен  
пайдалану кезіндегі өзара іс-қимылының тәртібі туралы  
Нұсқаулық

I. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық мемлекеттік органдар мен меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының электр байланысы желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйелерін енгізу мен пайдалану кезіндегі өзара іс-қимылының Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Электр байланысы желілерінде жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз етудің техникалық құралдары жүйесі (бұдан әрі - Жүйе) Қазақстан Республикасының қазіргі қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгілі бір пайдаланушылардың (абоненттердің) қосылулары мен орналасқан жерлерін жедел бақылау үшін арналған.

3. Жүйелер жалпы қолданыстағы желілерге енгізілген және халықаралық, қалааралық, жергілікті, ведомстволық телефондық, ұялық, транкингік, телеграфтық байланыстар, деректерді беру және байланыстың өзге де түрлері кезінде қызмет көрсетуге арналған электронды коммутациялық желілерде орнатылуы тиіс.

4. Электр байланысы желілерінде Жүйені енгізу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) - Пайдаланушы және кәсіпорындар - байланыс операторлары - Коммутациялық жүйелердің иелері жауапты болып табылады.

5. Жүйені пайдалануды жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың мүддесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары (соңғы Пайдаланушы) жүзеге асырады.

II. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың электр байланысы желілерінде Жүйелерді енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимылының тәртібі

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі байланыстың барлық түрлерінің жағдайы мен дамуы үшін жауап беретін уәкілетті мемлекеттік орган ретінде:

1) байланыс кәсіпорнының коммутациялық жабдығы құрамында Жүйенің болуын, Жүйенің "Қазақстан Республикасының электр байланысы желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйелеріне техникалық талаптарға" (бұдан әрі - Техникалық талаптар) сәйкестігі туралы ресми қорытындының (немесе сертификаттың), Нұсқаулыққа қосымшаның болуын бақылайды және Жүйе болмаған жағдайда байланыс

қызметін көрсетуді ұсынуға лицензияны қайтарып алу жөніндегі мәселелерді шешеді.

2) Заңды және жеке тұлғалардың құжаттарын халықаралық, қалааралық, жергілікті, ведомстволық (жалпы қолданыстағы желіге шығатын) телефондық, ұялы, транкингітік, телеграфтық, деректерді беру және байланыстың өзге де түрлерімен қызмет көрсетуге лицензиялар алуға арналған құжаттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне келісуге жолдайды.

7. Байланыс кәсіпорнының телефондық коммуникацияларын пайдалануға байланысты арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын орган ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті - Жүйелерді Пайдаланушы:

1) кәсіпорын-байланыс операторларының Жүйеге Техникалық ұсыныстарын келіседі;

2) Жүйенің Техникалық талаптарға сәйкестігін тексеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және ресми қорытынды береді;

3) соңғы Пайдаланушының құқығында Жүйені беруге және оны пайдалануға қосуға арналған шарттарға қатысады;

4) байланыс операторлары-кәсіпорындарымен бірлесіп, Жүйелерді сынауды және пайдалануға қабылдауды жүргізеді;

5) Жүйелерді пайдалануды жүзеге асырады;

6) Жүйелерді енгізу техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету бөлігінде байланыс операторлары-кәсіпорындарының қызметін бақылайды;

7) халықаралық, қалааралық, жергілікті, ведомстволық (жалпы қолданыстағы желіге шығатын) телефондық, ұялы, телеграфтық, транкингітік, деректерді беру және байланыстың өзге де түрлерімен қызмет көрсетуге лицензия беруді келіседі

8. Жалпы қолданыстағы желіге қосылған байланыс операторлары кәсіпорыны - Коммутациялық жүйелердің иелері мыналарды орындайды.

1) Жүйеге техникалық ұсыныстарды әзірлейді.

Техникалық ұсыныстар:

Жүйенің таңдап алынған жабдығының түрін (станциялық жиынтық пен шығарылған басқару пунктін арасындағы байланыс желісін қоса есептегенде), өндіруші фирманы көрсетуді, Техникалық талаптарға сәйкестігі туралы ресми қорытындының (сертификаттың) болуын;

Жүйені байланыс объектісіне енгізудің сызбасын;

жабдықты беруге, орнатуға, сынауға және пайдалануға қабылдауға шарттар жасауды қоса есептегенде, Жүйені енгізудің жоспарын;

Жүйені енгізу, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу

кезінде жұмыстардың құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтиды.

2) Жүйеге Техникалық ұсыныстарды Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіседі.

3) Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп және келісім бойынша Жүйені енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

4) Жүйені пайдаланудың санкцияланбаған пайдаланудың, сондай-ақ Жүйенің бағдарламалық және аппараттық құралдарына санкцияланбаған кірудің мүмкіндігін болдырмайтын тәртібін ұйымдастырады.

5) Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін, оны жөндеуді, күтім жасауды, реттеу жұмыстарын, сондай-ақ, Пайдаланушыға техникалық сипаттағы қажетті деректерді беруді, сондай-ақ коммутациялық жүйелерде пайдаланылатын криптографиялық құралдарды сақтауға алуды қамтамасыз етеді.

6) Қажеттілігіне қарай Пайдаланушымен өзара іс-қимыл жасау үшін ұдайы жұмыс істейтін энергиямен жабдықталған қызметтік үй-жайлар бөледі. Бөлінген үй-жайларды пайдаланудың тәртібі өзара келісіледі.

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және байланыс операторлары-кәсіпорындарының осы Нұсқаулықта көрсетілмеген өзара іс-қимылы мәселелері, сондай-ақ Нұсқаулықтың жекелеген тармақтарын орындаудың мерзімдері бірінші басшылардың бірлескен бұйрықтарымен және өкімдерімен реттеледі.

10. Жүйені енгізу мен пайдалану кезінде туындаған даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарды

Қазақстан Республикасының электр байланысы  
желілерінде арнаулы жедел іздестіру  
іс-шараларын жүргізудің техникалық  
құралдары жүйелерін енгізу мен  
пайдалану кезіндегі өзара іс-қимылының  
тәртібі туралы нұсқаулыққа қосымша

Қазақстан Республикасының электр байланысы  
желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын  
жүргізудің техникалық құралдары жүйелеріне  
техникалық талаптар

1. Қолданылу саласы

1. Осы талаптар уәкілетті мемлекеттік органдардың электр байланыстың сымды және сымсыз желілерінде арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуді техникалық қамтамасыз етуі бөлігінде жалпы қолданыстағы телекоммуникация желілерінің коммутациялық жабдықтарына қолданылады.

2. Коммутациялық жабдықтың құрамдас бөлігі болып енетін арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйелерін ( бұдан әрі мәтін бойынша - Жүйе) құру, техникалық сипаттамасы және функционалдық мүмкіндіктері жөніндегі жалпы талаптары белгіленеді.

2. Жалпы ережелер

3. Жалпы қолданыстағы телекоммуникация желілері коммутациялық жабдығының барлық түрі Жүйемен толықтырылуы қажет.

Осы талап ведомстволық немесе жалпы қолданыстағы телекоммуникация желісіне шыға алмайтын өзге де коммутациялық жабдыққа қатысты емес.

4. Осы талап мынадай байланыс түрлерінің коммутациялық жабдықтарын қамтиды:

1) республиканың аумағында пайдаланылатын тиісті стандарттардың жалпы қолданыстағы сымды және кабельді баламды және санды телефонды және модемді байланыс;

2) республиканың аумағында пайдаланылатын баламды және стандартты жалпы қолданыстағы қозғалмалы ұялы байланыс;

3) республиканың аумағында пайдаланылатын тиісті стандарттардағы телефонды және деректерді беруді қоса алғанда, спутниктік байланыс;

4) республиканың аумағында пайдаланылатын баламды және санды стандарттардағы радиальды транкингтік немесе өзге де үлгідегі радиобайланыс;

5) республиканың аумағында пайдаланылатын стандарттардың дербес радио шақыру (пейджинг) желілері;

6) республиканың аумағында пайдаланылатын байланыстың тиісті стандарттарының деректер беретін кең ауқымды компьютерлік желілері.

5. Республиканың аумағына байланыстың жаңа стандарттары мен түрлерін енгізу кезінде коммутациялық жабдықтың өңдеушілері мен операторлары осы құжаттың талаптарын орындауы тиіс.

6. Байланыстың коммутациялық жабдығын жетілдіру, кеңейту, техникалық өзгерту Жүйе жабдығының жұмысқа қабілеттілігіне әсер етпеуі немесе қандай да бір тұрғыда оның осы құжатта көрсетілген функцияларын шектемеуі қажет.

3. Жүйенің арналуы мен құрамы

7. Жүйе белгілі пайдаланушылардың (абоненттердің) қосылуы мен

орналасқан жерін жедел бақылау үшін арналған.

8. Жүйе байланыс желісі штаттық жабдығының құрамына енетін аппараттық-бағдарламалық құрал ретінде ұйымдастырылуы қажет.

9. Жүйе:

1) СЖ АБҚ станциялық жиынтықтың аппараттық-бағдарламалық құралдарын;  
2) АБҚ БП қашықтатылған басқару пунктiнiң аппараттық-бағдарламалық құралдарын;

3) арнатудырушы аппаратура мен СЖ мен БП-нiң арасындағы байланыс желісін қоса алғандағы, деректер мен командаларды беру арналарының желілік жабдықтарын;

4) бағдарламалық қамтамасыз ету жиынтығын;

5) қосалқы мүліктер мен керек-жарақтардың жиынтығын;

6) пайдалану құжаттамаларының жиынтығын қамтуы тиіс.

10. СЖ станциялық жиынтығы белгілі абоненттің СЖ бақылау желісінің БП-нен команда бойынша абоненттік трактіге қосылуын бақылауды жүзеге асыру үшін арналған.

11. БП қашықтатылған басқару пунктi тұтастай алғанда Жүйенің жұмыс істеуін басқару, СЖ-на қызметтік ақпарат пен командаларды беру, СЖ-нан ақпарат қабылдау, алынған мәліметтерді талдау, өңдеу және құжаттандыру үшін арналған.

12. Желілік жабдық СЖ мен БМ арасында бақылау және қызметтік ақпараттар алмасу үшін арналған.

4. Жүйеге қойылатын жалпы талаптар

13. Жүйе байланыс желісінде пайдаланылатын станцияаралық және абоненттік белгі беру жүйелеріне қарамастан өз функциясын орындауы тиіс.

14. Жүйе:

- 1) берілу желілік трактісі жабдықтарымен сыйымдылығын, жекелеген жағдайларда жеке желілерімен түйісуін;
- 2) СЖ мен БП-нің деректер беру арналары бойынша өзара іс-қимылын;
- 3) уақыттың нақты ауқымында жедел бақылауды жүзеге асыруды;
- 4) берілетін ақпараттарды қорғауда олардың қандай тәсілдер қолданатындығына қарамастан абоненттерді жедел бақылауды жүзеге асыруды;
- 5) әрбір жеке абонентті оның байланыс желісіне қосылуының түріне (жеке немесе топтасқан) қарамастан бақылауды;
- 6) электр байланысы желілері бақыланатын пайдаланушылар туралы ақпараттарды сақтау үшін деректер базасын және БП-нің деректерін жедел басқаруды ұйымдастыруды;
- 7) Жүйе жабдығының жұмыс істеуіне технологиялық бақылауды жүзеге асыруды;
- 8) Байланыс желілері техникалық қызметшілерінің Жүйенің жабдығы мен ақпаратына енуінен қорғауды қоса алғандағы, санкциясыз енуден қорғауды;
- 9) Жүйе жабдығын электр байланыстың қосымша түрлері мен стандарттарына сай жетілдірудің мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

15. Жүйе БП-не мынадай ақпараттарды беруді қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) Жүйе АБЖ-ның жұмысқа дайындығы туралы;
- 2) командаларды орындаудың нәтижелері туралы;
- 3) Жүйенің жұмысына санкциясыз араласу туралы.

16. Жүйе өзінің функционалдық жағдайына (жұмыс, ақаулылығы, бақылау, қалпына келтіру, қайта іске қосу және с.с.) қарамастан желілер абоненттеріне байланыс қызметтерін көрсету процестеріне ықпал етпеуі тиіс.

17. Жүйе өзінің жергілікті жабдықтарын бір желіге біріктірудің мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

## 5. Бақылауды ұйымдастыру

18. Жүйе байланыс желілерін пайдаланушыларды (абоненттерді) телефонның (терминалдың) дербес нөмірі, электрондық мекен-жайы, идентификаторы, қысқартылған нөмірі, шартты мекен-жайы және с.с. бойынша бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

19. Жүйе:

- 1) осы коммутациялық станциядағы бақыланатын абоненттердің кіріс және



шығыс шақыруларын (жергілікті, аймақ ішіндегі, қалааралық және халықаралық автоматты және жартылай автоматты) бақылауды;

2) осы коммутациялық станциядағы абоненттердің шығыс байланысы кезінде жалпы желінің бақыланатын абоненттерінің алдын ала берілген нөмірлеріне шақыруларды бақылауды;

3) абоненттердің кіріс және шығыс шақыруларының телефон нөмірлерін анықтауды;

4) деректерді қабылдау немесе беру кезінде абоненттердің электрондық (желілік) мекен-жайын анықтауды;

5) бақыланатын арналар: сөйлесу, факсимильді, деректерді беру және т.б. бойынша беру түрлерін автоматты түрде айырып тануды;

6) сөйлесуді және өзге де ақпаратты беруді (деректерді беру, факсимильді байланыс және т.б.) қамтамасыз ететін қосылуларды бақылауды;

7) графикалық бейнелерді айырып тануды, олардың кодын ашуды;

8) бақыланатын абоненттердің орналасқан жері туралы мәліметтерді ұсынуды ;

9) коммутация станцияларының (базалық станциялардың) арасында басқаруды тапсыру кезіндегі жылжымалы байланыс абонентінің орнатылған қосылуын бақылауды сақтауды;

10) бақыланатын абонентке бір мезгілде бірнеше абонентпен сөйлесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қосымша "конференцбайланыс" қызметін ұсынған кезде, конференцбайланысқа барлық қатысушылардың нөмірлері бақылануы тиістігін;

11) шақыру бағытын (мекен-жайын өзгерту) немесе олар бойынша нөмірлі ақпаратты (қысқартылып терілген нөмірлер) өзгертетін абоненттерге қосымша қызмет көрсету түрлері ұсынылған кезде шақыруларға бақылауды;

12) абонентке шақыруларды басқа абонентке қайта жолдау жөнінде қызмет көрсетулер ұсынылған кезде осы қызметке тапсырыс берген абоненттің нөмірі сияқты абонентті басқа мекен-жайға қайта жолдау нөмірі де бақылануы қажеттігін;

13) өтініш бойынша БП-нен абоненттердің санаттары мен оларға ұсынылатын қызмет көрсетулердің, қосымша түрлері туралы ақпаратты алудың мүмкіндігін;

14) нақты уақыт ішінде деректер базасынан шешуші сөздер, мекен-жайлар бойынша ақпаратты автоматтандырылған іздестірудің мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

20. Абонентті бақылауға алған кезде осы коммутациялық станцияның бақылаудағы абоненттерінің толассыз нөмірлері мен байланыстың жалпы жүйесін ескере отырып, оған жеке реттік нөмір (шифр) беріледі. Нөмір (шифр) БП-не беріледі және деректердің базасына енгізіледі.

21. Аталған коммутациялық станцияның бақылауын абоненттер телефондарының (терминалдарының) нөмірлері, сондай-ақ жалпы жүйенің осы коммутациялық станция абоненттерінің барлық сыртқа шығатын біріктірулері бақылануы тиіс абоненттер телефондарының (терминалдарының) олар бойынша нөмірлері БП-не берілуі және деректердің базасына енгізілуі тиіс.

22. Бақыланылатын абоненттердің жалпы саны байланыс жүйесінің өткізу қабілетіне байланысты болады және Жүйеге арналған техникалық шарттармен айқындалады.

23. БП-нің жабдықтарын бақылаудағы абоненттердің алмастыру жолдарына қосу бақылау желілері (арналары) арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бақылау желілерінің (арналарының) саны бір мезгілде бақыланатын біріктірулердің талап етілетін санына сәйкес келуі тиіс. Әрбір бақылау желілерінің реттік нөмірлері болуға тиісті.

24. Бақыланатын абоненттердің қосылуын тіркеу автоматты түрде

жүргізілуі қажет. Бір мезгілде тіркелінетін қосылулардың саны Жүйеге арналған техникалық шарттармен айқындалады.

25. Аталған байланыс сеансының (егер бақылау басынан бастап жүргізілмесе) қалып қойған ақпаратын қайта қалпына келтіру мүмкіндігі Жүйенің буферлік еске сақтау қабілетінің көмегімен қаралуға тиіс.

26. Жүйе бақылау абонентінің қосылуын БП-нен команда бойынша еркінен тыс бұзуға, сондай-ақ абонентті бақыланатын немесе берілген нөмірлері бойынша қосуды тыйым салуға немесе қосылуға жалпы тыйым салуға немесе штаттан тыс жағдайларда тыйым салуға жол беруі керек.

6. Қосуларды орнату фазалары және бақыланылатын шақырулар туралы деректер

27. Әрбір бақыланылатын шақырулар бойынша қосуларды орнатудың мынадай фазалары туралы ақпарат БП-не берілуі тиіс:

- 1) желідегі абонентті тіркеу;
- 2) кірген шақыруы кезінде абоненттік желіні алуы;
- 3) желінің абонентін шақыратын телефонының (терминалдың) толық нөмірін қабылдау;
- 4) шыққан шақыру кезінде абоненттік желіні алуы;
- 5) шақырылатын абонент телефонының (терминалының) толық нөмірін қабылдау;
- 6) абоненттің жауабы;

- 7) жауап жоқ;
- 8) бос емес;
- 9) ажырату.

28. Бұл ретте БП-ге бақыланылатын шақырулар туралы мынадай мәліметтер берілуі тиіс:

- 1) бақыланылатын абоненттің реттік нөмірі;
- 2) бақылаудың санаты;
- 3) бақылау желісінің (арнасының) нөмірі;
- 4) жартылай автоматты кіретін байланыс туралы белгі;
- 5) шақырылатын абоненттің (терминалдың) телефон нөмірі;
- 6) шақырушы абоненттің (терминалдың) телефон нөмірі;
- 7) қосу түрі (шығыс, кіріс, ұлттық транзит, халықаралық транзит және т.б.);
- 8) орналасқан жері туралы ақпарат;
- 9) шақыруды қайта бағыттауға және қосымша қызмет көрсету кезінде конференц байланысқа қатысушыларға арналған телефондардың нөмірлері;
- 10) сөйлесудің басталған уақыты (сағ. мин.);
- 11) ажыратылған уақыты (сағ. мин.).

7. Бақылау санаты.

29. Бақыланылатын абоненттерге бақылаудың мынадай санаттарының бірі берілуі тиіс:

- 1) толық бақылау;
- 2) статистикалық бақылау.

30. "Толық бақылау" санаты БП-не уақыттың нақты ауқымында қосуды орнатудың фазалары туралы ақпарат, бақыланылатын шақырулар туралы деректердің берілетіндігін білдіреді, сондай-ақ сөйлесу трактында немесе бақыланылатын абоненттің деректерін беру арналары бойынша берілетін ақпараттардың түсіріп алу мен БП-не беру жүзеге асырылады.

31. "Статистикалық бақылау" санаты сөйлесу арнасы немесе деректерді беру арнасы БП-не қосылмайтындығын, ал БП-не уақыттың нақты ауқымында қосуды орнату фазасы туралы ақпарат пен бақылаудағы шақырулар туралы деректер берілетіндігін білдіреді.

32. Егер бір қосылудағы екі абонент бақылаудағы объектілер болып табылса, онда қосуды бақылау санаты басымдығы неғұрлым жоғары абоненттің

санаты бойынша орнатылуы тиіс:

1-ші - толық бақылау;

2-ші - статистикалық бақылау.

33. Бақылау жүргізу барысында бақылау санатын өзгерту мүмкіндігі ұсынылуы тиіс.

8. Бақылауды орнату және тоқтату

34. СЖ БП-нен мынадай мәліметтерді алған кезде абоненттерді бақылауға қондырғыны қамтамасыз етуі тиіс.

1) бақылау орнату командасы;

2) бақыланатын абоненттің реттік нөмірі;

3) абонент телефонының (терминалының) нөмірі;

4) бақылаудың санаты;

5) бекітілген бақылау желісінің (арнасының) нөмірі.

Бақылау орнату Жүйе әкімшілігінің командасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

БП-нен СЖ-на бақылауды тоқтату үшін тоқтату командасы мен бақылаудағы абоненттің реттік нөмірі жіберілуі тиіс.

35. СЖ БП-нен мынадай деректерді алған кезде байланыстың жалпы желісінің бақылау абоненттері бар аталған коммутациялық станцияның абонементтерінің барлық шығатын шақыруларына бақылау орнатуды қамтамасыз етуі тиіс:

1) бақылауға орнату командасы;

2) аталған станция мен жалпы желідегі бақылаудағы абоненттердің ретімен нөмірленуі ескеріле отырып бақылаудағы абоненттің реттік нөмірі;

3) абонент телефонының (терминалының) нөмірі;

4) нөмірдің белгісі (халықаралық, қаларалық, жергілікті);

5) бақылаудың санаты;

6) бекітілген бақылау желісінің (арнасының) нөмірі.

БП-нен СЖ-на бақылауды тоқтату үшін тоқтату командасы мен бақылаудағы абоненттің реттік нөмірі жіберілуі тиіс.

36. Бақылау орнатудың немесе БП-нен қажетті ақпараттың толық пакетін беру сеансы аяқталғаннан кейін Жүйенің деректер базасына өзгерістер енгізу

үшін БП арқылы жол берілетін уақыт 30 секундтан аспауы тиіс (қосуды ұзу командасын қоспағанда).

37. Жүйенің ден қою уақыты (СЖ-ға команда алынған сәттен бастап оның орындалғаны туралы хабар берілген сәтке дейін) уақыттың нақты ауқымындағы көлемі жұмыс кезінде 1 секундтан аспауы тиіс.

#### 9. Абоненттің орналасқан жерін бақылау

38. Орналасқан жеріне бақылау БП-не абоненттің (абонент телефонының, терминалының) белгілі бір жерде тұрғандығы туралы немесе жылжымалы байланыс желісі абонентінің басқаруды бір комутациялық станциядан келесісіне беру арқылы орын ауыстырғаны туралы деректер берілетіндігін білдіреді.

39. Орналасқан жерін бақылау Жүйе әкімшілігінің талабы бойынша енгізіледі.

#### 10. Жүйенің жұмыс істеуін технологиялық бақылау

#### 40. Жүйенің аппараттық және бағдарламалық құралдарын пайдалану

кезінде коммутациялық станцияның жабдықтары жұмысының фонында Жүйенің жұмыс қабілетіне функционалдық автоматты бақылау мен методологиялық құралдар мен техникалық қызмет көрсету құралдарын бүлінген элементтерді қалпына келтіру барысында жартылай, автоматты бақылау көзделуі тиіс.

41. БП-не Жүйенің жұмыс істеуіне әсер ететін ақаудың пайда болғаны туралы ақпарат берілуі тиіс.

42. БП-не толық бақылау кезінде шығу арнасы толған жағдайда тиісті хабарлама жіберілуі тиіс. Бұл жағдайда бақыланатын абонентке бақылаудың статистикалық санаты берілуі тиіс.

#### 11. Жүйені инициалдандыру және қайта іске қосу

#### 43. Коммутациялық станция авариялық тоқтаған және одан кейінгі

рестарт кезінде бақылаудағы объекті туралы деректер қалпына келтірілмеуі, БП-нен СЖ-на қайта берілуі тиіс.

44. Коммутациялық станцияны қайта іске қосқан жағдайда, ол туралы БП-не хабар берілуі қамтамасыз етілуі тиіс.

45. Коммутациялық станцияны қайта іске қосудың технологиялық режимі Жүйенің құралдарын қайта іске қосу рәсімін қамтуы тиіс. Жүйені станцияның жұмыс істеуі фонында БП-нен команда бойынша қайта іске қосудың мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

## 12. СЖ мен БП-нің арасындағы ақпарат алмасу арналарына қойылатын талаптар

46. СЖ мен БП-нің арасындағы сандық ақпарат алмасудың хаттамасы ХЭО-Т ұсынымына сәйкес келуі тиіс.

47. СЖ мен БП-нің арасындағы байланыс деректерді беру арнасы бойынша ( басқару ақпараты мен бақыланатын қосылулардың жәй-күйі туралы ақпаратты беруге арналған) және бақыланатын абоненттердің сөйлесу трактілерінде берілетін ақпаратты беруге арналған бақылау желілері (арналары) бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

48. СЖ-нан БП бағытына барлық бір мезгілде бақыланатын абоненттердің қосылымдары туралы ақпарат, БП-нен СЖ бағытына - басқарулық және қызметтік ақпараттар берілуі тиіс.

49. СЖ мен БП-нің арасындағы байланысты ұйымдастырудың екі нұсқасы қамтамасыз етілуі тиіс.

1) бірінші нұсқа жағдайында СЖ-нан БП-не бақыланатын абоненттердің сөйлесу трактілерінде берілетін ақпаратты СЖ-нан БП-не беру 16 км дейін қашықтыққа симметриялы екі сымды физикалық желілер бойынша баламды түрде жүзеге асырылады. СЖ мен БП-нің арасында сандық басқару ақпаратты және

бақыланатын қосылымдарының жәй-күйі туралы ақпаратты алмасу үшін деректерді беру арнасы ұйымдастырылуы тиіс.

2) байланыстың екінші нұсқа жағдайында СЖ мен БП арасындағы байланыс сөздің және басқару ақпараты жалғаушы желілер бойынша сандық түрде берілуі тиіс.

50. Сандық ақпарат алмасу тұтынушыдағы барынша жол берілетін жылдамдықпен жүзеге асырылуы тиіс.

51. Деректерді беру арнасы байланыс желісіндегі биталар бойынша

-3

кателердің 10 аспайтын коэффициенті мен белгі/шудың +12 дБ ара қатынасы

-5

жағдайында биталар бойынша қателердің 10 аспайтын коэффициентін қамтамасыз етуі тиіс.

52. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін үзіліс немесе жұмыстағы тоқтап қалу жағдайында деректерді беру арналарын автоматты резервтендіру ұйымдастырылуы қажет.

53. СЖ және БП-нің арасындағы ақпараттар алмасу арналарының ақаусыздығын техникалық бақылау ұйымдастырылуы тиіс. БП мен коммутациялы станциялардың арасында ақпараттар алмасу арналарының аппаратуралары мен кабель бүлінген жағдайда БП-не деректер беру тоқтатылуы және станцияның техникалық қызметшілеріне бүлінгені туралы хабар берілуі тиіс.

13. Санкцияландырылмаған енуден қорғау жөніндегі талаптар

54. Жүйенің аппараттық және бағдарламалық бөліктеріне, сондай-ақ СЖ мен БП-нің өзара іс-қимылы ақпаратына санкцияландырылмаған енудің мүмкіндіктері жойылуы тиіс.

55. СЖ-ның БП-мен жұмыс істеуі және өзара іс-қимылы процесіне санкцияландырылмаған араласудың мүмкіндіктері жойылуы тиіс.

56. БП-не коммутациялық станцияда СЖ-ның жұмыс істеуіне немесе СЖ мен БП-нің арасындағы деректер беру арнасы бойынша ақпараттар алмасу процесіне санкцияландырылмаған ену немесе араласу әрекеттері туралы хабар жіберілуі тиіс.

57. СЖ-нің БП-мен өзара іс-қимылы туралы ақпаратты тіркеудің мүмкіндігі болдырылмауы қажет.

14. Құжаттамаға қойылатын талаптар

58. Коммутациялық жабдыққа қойылатын техникалық шарттар Жүйенің жабдығына қатысты бөлімді қамтуы тиіс. Аталған бөлім техникалық шарттардың негізін мәтінінен бөлек шығарылуы тиіс.

59. Жүйенің жабдығына арналған техникалық жағдай техникалық сипаттаманы, бағдарламалық қамтамасыз етудің сипаттамасын, пайдалану және жөндеу жөніндегі шарттар мен нұсқаулықтарды, тестілік сынау және

кабылдаудың шарттарын, кепілдемелік міндеттемелерді қамтуы тиіс.

#### 15. Запас мүліктер мен керек-жарақтарға қойылатын талаптар

60. Запас мүліктерде бұзылған элементтерді ауыстыру арқылы, Жүйе жабдығының жұмыс істеу қабілетін тез қалпына келтіруге мүмкіндік беретін, функционалдық - аяқталған элементтер мен қажетті құралдардың жиынтығы болуы тиіс.

61. Запас мүліктерге қажет болған жағдайда Жүйені бағдарламалық қамтамасыз етуді қайта орнатуды жүргізуге мүмкіндік беретін инсталляциондық дискеттердің (дискілердің) жиынтығы кіруі тиіс.

#### 16. Қауіпсіздік жөніндегі талаптар

62. Жүйенің жабдығы қызмет көрсетуші қызметшілердің электрлік қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздікке және санитарияға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.